



ХҒТАР 10.37.75
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2024-148-3-119-138>

Қылмыстық заңнамасы аясында жаза тағайындау

Г.Р. Рустемова¹, Г.Ж. Османова¹, А.Р. Бижанова¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

(E-mail: ¹g.rustemova@mail.ru, ¹gulaina.78@mail.ru, ¹aike_74@mail.ru)

Аңдатпа: Жаза, оны тағайындау мәселесі елімізбен қатар өзге мемлекеттерде де өте өзекті болып саналады. Мұнда сөз қылмыстық заңдағы жазаны тағайындау және қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған тұлғаларға қолдану барысында мүмкіндігінше қолжеткізілетін оның жағымды әлеуметтік салдары жөнінде болып отыр.

Соңғы жылдары Қазақстанның қылмыстық саясаты онша ауыр емес және орташа қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықты жеңілдетіп, ауыр және аса ауыр қылмыстармен күреске басты назар аударуда. Яғни, алғашқысы үшін заңмен белгіленген реттерде қылмыстар үшін қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаның қолданылу негіздері қарастырылып жатса, екіншісі үшін бас бостандығынан айыру жазасының сотталушыларға мүмкіндігінше дұрыс ықпал ету тұстары қарастырылуда.

Жоғарыда айтылғандай, авторлар мақалада, жаза мақсатына қол жеткізу үшін жазаны кінәлі тұлғаға тағайындаудың жалпы негіздеріне тоқтала отырып, жаза түрлерінің қылмыстық нормалардың санкциясында қаншалықты жиі қарастырылатынына баға береді. Сонымен қатар бұл мәселені қолға алудың өзектілігі қылмыстық саясатты ізгілендіру бағытында қылмыстық заңнамаға сәйкес сот тәжірибесінде жаза тағайындағанда жазаны ауырлататын және жеңілдететін мән-жайларды қолданудың проблемалық тұстары бар екендігін көрсетеді. Мақалада авторлар жазаны жеңілдететін жағдайларға қатысты ұсыныстар келтіреді.

Зерттеу жұмысының мақсаты құқық қолдану тәжірибесінде жаза тағайындау барысында туындайтын қайшылықтарды анықтау болып табылады. Ғылыми ізденісте формальды-логикалық, тарихи және салыстырмалы әдістер қолданылған.

Түйін сөздер: жаза, жаза тағайындау, жаза тағайындаудың жалпы негіздері, бас бостандығынан айыру, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар, ауырлататын мән-жайлар.

Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік деңгейде қылмыстылықпен күрес құқық қорғау және құқық қолдану салаларының призмасы арқылы қаралуда. Қазіргі таңда адам, оның құқықтары мен бостандықтары басымдыққа айналған кезде жаза түсінігі, мәні, мазмұны, мақсатына қатысты жаңа сұрақтар туындайды. Сонымен, жазаның мазмұнын сипаттайтын белгілерді анықтау маңызды. Бұл еліміздің қылмыстық заңнамасындағы жазаның орны мен ролін дәл анықтауға және оның жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін шешудегі мүмкіндіктерін ашады.

Қылмыстың өсуі, қылмыстардың қайталануы, бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандар санының көп болуы қоғамның одан әрі дамуына, құқықтық мемлекет құруға, халықаралық қатынастарда мемлекет мәртебесін сақтауға қауіп төндіреді, кедергілер туғызады. Осы сынды қарастырылып отырған жағдайлар жазаның жүзеге асырылуы және тиімділігіне, жазалау мәселесіне қатысты кейбір ережелерді қайта қарауды талап етеді. Сонымен қатар, жазаның тиімділігі түсінігі, жүзеге асырылуы, оның көрсеткіштері мен критерийлеріне, тиімділігіне, жағдайлар мен факторларға әсер ететін бірқатар теориялық мәселелер бар. Осы проблемаларды зерделеп алмай, жаза тағайындау кезінде оның қаншалықты табысты орындалатынын, оны қолданудың тиімді екендігін дұрыс анықтау мүмкін емес.

Қылмыстық жазаның түрі ретінде бас бостандығынан айыру, жаза түрлерінің ішінде қатаң жаза болып табылатындықтан, оны әдетте жазаның басқа түрлері жаза мақсатының жүзеге асырылуына мүмкіндік болмаған кезде ғана, соңғы шара ретінде өте тыңғылықты түрде қарай отырып, қылмыстық іс-әрекет үшін тағайындайды.

Қылмыстық субмәдениеттің қоғамдағы адамдарға, сонымен қатар жазасын өтеп жатқандар үшін теріс әсерін бейтараптандыру бас бостандығынан айыру орындарындағы шаралармен шектелмейді. Жаза үшін бас бостандығынан айыру, сондай-ақ құқық бұзушыларды арнайы мекемелерге оқшаулауды жаппай қолдану арқылы күресуге тырысу, түпкілікті табысқа әкелмейді. Пенитенциарлық тәжірибе көрсеткендей, біраз уақыттан кейін жаңа жазасын өтеушілердің қатары толығыады.

Деректерге сүйенсек, елімізде қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру жазасы жиі қолданылады және ол азаймай отыр. Ресми деректерге сәйкес, 2022 жылы сотталғандар саны – 27061 сотталушыны құрап отыр. Аталған жылы еліміздің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде 34473 адам ұсталса, 2023 жылы 41138 адам, 2024 жылдың 4 шілдесіндегі мәліметтер бойынша бас бостандығынан айыру орындарында 29673 адамдар ұсталуда [1].

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының Тұжырымдамасына жүгінсек, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін кезең-кезеңімен оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру маңызды болып отыр, себебі ізгілендіру жағдайында қамаудағылардың құрылымы айтарлықтай өзгерген. Түрлерді оңтайландыру сотталғандарды этаппен алып жүру үшін бюджеттен бөлінетін едәуір

қаржы қаражатын үнемдеуге, сондай-ақ туыстарының жазасын өтеу орындарына қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы сотталғандардың әлеуметтік пайдалы байланыстарын сақтауға мүмкіндік беретін сияқты [2].

Жаза тағайындау мәселесі күрделі, өйткені жеке алынған қылмыстық істегі әрбір оқиға, жазалауға жататын қылмыстың әрбір субъектісі жеке болып табылады, тек сот қарауының ұстанымы қойылған міндеттерді жеңе алады (яғни, заңнамалық санкциялар шеңберінде судья Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің бабында көзделген жазаның қандай да бір түрін тағайындай алады), өйткені шешім мемлекеттің атынан қабылданады және қылмыстық істі қарау кезінде түпкілікті болып табылады.

Жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қолданылатын жаза тиімділігіне көп жағдайда бір жағынан, сот төрелігі тарапы болса, екінші жағынан, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі істің жай-күйі әсер етеді. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру процесі қаншалықты жоғары дәрежеде болса да, осы әрекеттердің барлығының нақты нәтижелері сот отырысы барысында сот қолдану қажет деп санайтын сотталушыға қолданылатын жазаның тиімділігіне байланысты. Жаза тағайындалған жағдайда, қылмыстық және қылмыстық процестік заңнама нормаларын қолданудың айтарлықтай дәрежеде дұрыс қолданылуын оның орындалу тәртібі шешеді.

Бірақ, өкінішке орай, құқық қолдану тәжірибесінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапқан адамдарды негізсіз соттаудың жекелеген мысалдары белгілі (ұзақ мерзімге, сотталғандардың өздері үшін де, олардың жақын туыстары үшін де ауыр зардаптар болған).

Сот практикасында төменгі инстанциялар шығарған үкімдерді жоғары тұрған инстанциялардың түрлі негіздермен (тағайындалған жазаның шамадан тыс жұмсақтығы немесе шектен тыс қатаңдығы; дәлелдің жеткіліксіздігі; жіберілген қателіктер; жазаның негізсіздігі және басқалары) жоятын жағдайлар белгілі.

Егер біз жазаның жоғары және төменгі шектері көзделген белгілі бір санкция туралы айтатын болсақ (мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 99-бабының 1-бөлігі), онда осы санкцияның көрсетілген ауқымында жазаны айқындау құқығы жасалған қылмыстық құқық бұзушылық және оны жасаған адам туралы барлық орын алған мән-жайларды ескере отырып, сот шешімінің еркіндігіне мән беріледі.

Сонымен бірге, жойылған үкімнің судьяның жұмысындағы ақау екенін жоққа шығаруға болмайды, одан талап етілетін мінез-құлқы қандай болса да ол кінәлі болып табылады.

Қылмыстық процесте жарияланған тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатына қарамастан (Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 23-бабы) бұл ереже әдетте жасалған әрекетті саралау бөлігінде ғана қолданылады, ал жазаны таңдау және тағайындау құқығы тек соттың құзыретінде.

Сондықтан, қылмыстық процестің басқа қатысушылары шығарылған сот шешімін бағалауға да (және соның салдарынан оған дәлелді түрде шағымдануға), сондай-ақ бүкіл қылмыстық процестің қорытынды, маңызды кезеңі болып табылатын қылмыстық

жауаптылық шарасын таңдау мәселелерінде сот жарыссөзінде өз ұстанымын айқындауға да қабілетсіз.

Алайда, белгілі бір жоғары сот процесін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау көптеген сұрақтар мен даулы мәселелерді тудырады. Әр тараптың өз ұстанымы болады. Айыптаушы тарап пен жәбірленуші шығарылған үкімді әділетсіз, үкім тым жұмсақ деп есептесе, ал қорғаушы тарап сотталған адам үшін үкімді керісінше тым қатал деп санайды. Бұған бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған сотталғандардан алынған сауалнама дәлел бола алады: сұралғандардың 58%-дан астамы шығарылған үкіммен келіспейтіндігін атап өтті, осы санаттағы сотталғандардың 18%-ы өздерін кінәсіз деп санайды, ал 40%-ы тағайындалған қылмыстық жазаны әділетсіз деп санайды. Сауалнама алынған сотталғандардың тек 33%-ы ғана оларға қатысты шығарылған айыптау үкімімен келіседі. Сауалнама алынған сотталғандардың 9%-ы түрлі себептер бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруден бас тартты.

Сот үкімімен әділ, заңды жазаның тағайындалуына жеңілдететін және ауырлататын (ерекше) мән-жайларды ескерудің орны ерекше. Аталған мән-жайлар құқық нормаларының қолданылуы тәжірибесінің кейбір өзекті тұстарына тоқталсақ.

Әдістер мен материалдар

Зерттеудің әдісі ретінде жаза тағайындау барысында қылмыстық құқық, криминологиялық сипаттағы мәселелерді шешуге болатын алғышарттар құрайды. Бұл тұста әдіснамалық негіз, жалпыға бірдей танымның ғылыми әдісіне сүйенеді. Тарихи әдіс арқылы қылмыстық жаза жүйесі, жаза түрлері мәселелеріне қатысты заңшығармашылық тәжірибесін тарихи тұрғыдан зерделейді. Формалды-логикалық әдіс – жаза тағайындау шарттарын қарастыру барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен белгіленген нормалардың мазмұнын жан-жақты, тереңірек зерттейді. Қылмыстық заңнама бойынша жаза тағайындаудың мәселелерін зерттеу заңнамалық және тәжірибелік тұстарын жүйелеу және жалпылау негізінде жүргізілді. Салыстырмалы әдіс – отандық қылмыстық заңнамамен көзделген жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды шетелдік тәжірибемен салыстыру барысында қолданылды. Эмпирикалық материалдарды бағалау кезінде ақпараттарды алудың әлеуметтік тұстары қолданылды. Сондай-ақ кейбір қылмыстық көрсеткіштерді ерекшелеу үшін статистикалық әдістерге сүйенді. Жүргізілген зерттеудің теориялық негізін заңнамалар мен қылмыстық құқықтық, криминологиялық саладағы мамандардың ғылыми конференция материалдары, монографиялар мен тезистері құрайды.

Талқылау

Қылмыстық құқықта қылмыс және жаза санаттары басты орын алады және қоғам дамуының барлық кезеңдерінде әлеуметтік, моральдық, құқықтық және философиялық тұрғыдан елеулі түрде күрделі, маңызды проблемалардың бірі болды. Қылмыс пен жазаның өзара байланысы мен тәуелділігіне қарамастан, олардың арасында бірқатар айырмашылықтар бар.

Мысалы, жазаланушылық қылмыстың қажетті салдары және жаза қылмыс санаттарының негізінде жатыр (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 11-бап), ал қылмыс болса жазаның сол не басқа да түрін тағайындау үшін бірден бір негізі болып табылады (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 4-бап).

«Мемлекеттің міндеті бір жағынан жасаған қылмысы үшін жазадан құтылмаушылықты қамтамасыз ететін болса, екінші жағынан сол жазаны мемлекет үшін де сотталушы үшін де әділетті, тиімді, әлеуметтік салдарын мейлінше азайту», - болып табылады [3]. Қылмысқа қарсы күрес үдерісі үнемі жаңартылып, жетілдіріліп, өзгеріп отыруы керек. Ол заңды да!

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 4-бабында қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі қылмыстық құқық бұзушылық жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыстың немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың барлық белгілерін қамтитын іс-әрекет жасау болып табылады деп көрсетілген. Бір қылмысы үшін ешкімді бірнеше рет қудалауға болмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді [4].

Италия ғалымы, криминологияның ғылыми бағытының жаңа авторларының бірі Ч.Беккариа қылмыстың табиғатын жаза мақсаты мен мәнін алғашқылардың бірі болып негіздеді. Көрнекті ғалымның: «Қылмыс үшін жазалағанша олардың алдын алған дұрыс», - деген пікірі қазіргі уақытта өзекті болып қала береді» [5].

Қылмыстылықтың алдын алу негізіне, оның қаталдығы емес, жазадан құтыла алмаушылық принципі қамтылды. Осыған ұқсас көзқарастарды басқа ғалымдар да ұстанды: ағылшын философы И.Бентам, неміс ғалымы Л.Фейербах, ресей ғалымдары: А.Н. Радищев, М.М.Сперанский, К.Гегель, И.Я. Фойницкий, Е.Х. Тарновский, Н.С. Таганцев, Н. Сергиевский, А.П. Жижиленко, М.Н. Гернет, М.М. Исаев, С.Б. Познышев және басқалар.

Қылмыстылыққа қарсы күресте қылмыстық жаза маңызды рөл атқарады, оның дұрыс қолданылуы оған қойылған мақсаттарға жетуде өте маңызды. Қылмыстармен күресте бас бостандығынан айыру қылмыстық жазасының сипаттамасы мен тағайындалуы мәселесі теориялық тұрғыдан да тәжірибелік тұрғыдан да маңызды мәнге ие және өзекті болып отыр.

Осы тұста Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігі нормаларының санкцияларында қарастырылған барлық жазалау түрлерін талдай отырып, келесідей жағдайларға көзжеткізуге болады: 1997 жылғы қылмыстық заңнамамен салыстырғанда 2014 жылы қабылданған, қазіргі заңдық күші бар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің баптары санкцияларында ізгілендіру тұрғысынан белгілі бір өзгерістер болды, оқшауланумен байланысты емес жазалардың түрлерін қолдану көбейді (айыппұлдар 140-қа; түзеу жұмыстары 26-ға; қоғамдық жұмыстарға қатысу 76-ға, түзеу жұмыстары 302-ге).

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлігіндегі баптарының санкцияларында бас бостандығынан айыру сынды оқшаулаумен байланысты жазаларды қолдану 86 және қамау 150 жағдайға көбейген.

Одан басқа, 2014 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне қылмыстық жазалардың жаңа түрлері – «шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды

Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу» енгізілді, сонымен бірге «әскери қызметінен шектеулер» және «күзетте ұстау» жазалары алып тасталды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің санкциясының 30%-да бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның баламалы түрлері қарастырылған, десек те соттармен бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау кезінде баламалы жаза түрін қолдануда қиындықтар кездеседі. Мысалы, бас бостандығынан айыру және басқа кез келген жазаның арасындағы түрін таңдаған кезде, соттар бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға мәжбүр, өйткені сотталғанның жеке басы мен істің мән-жағдайларында түзету жұмыстарын тағайындай алмайтын жағдайлар болуы мүмкін, себебі, әдетте бұл жаза жұмысы бар адамдарға тағайындалады [6].

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жазалау жүйесі түбегейлі қайта құрылды, атап айтқанда:

1) қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін жазаның мынадай түрлері көзделеді – айыппұл (20-дан 200 АЕК-ке дейін), түзеу жұмыстары (20-дан 200 АЕК-ке дейін), қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасы шегінен тысқары жерге шығарып жіберу.

2) қылмыс жасағаны үшін – айыппұл (200-ден 10 000 АЕК-ке дейін); түзеу жұмыстары (200-ден 10 000 АЕК-ке дейін); бас бостандығын шектеу; бас бостандығынан айыру қолданылуы мүмкін. Бұл ретте қылмыстық құқық бұзушылық (қылмыстық теріс қылық, қылмыс) жасағаны үшін жазаның негізгі түрлерімен қатар қосымша жазалар да қолданылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасының Ерекше бөлігіне талдау жүргізу барысында қылмыстық теріс қылықтар саны - 116, қылмыстар - 590 (онша ауыр емес қылмыстар - 138; ауырлығы орташа қылмыстар-205; ауыр қылмыстар - 181; аса ауыр қылмыстар - 66) анықталды.

Қылмыстық заңнамаға енгізілген мұндай өзгерістер бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындауда балама жазалар қолдану мүмкіндігін кеңейтіп отыр.

Айтылғандарды негізге ала отырып, жазаның мазмұны мен түрлері туралы қолданыстағы қылмыстық заңнамаға түзетулер енгізу кезінде қылмыстық-атқару мекемелеріне жіберілетін адамдардың санын барынша азайту мүмкіндігі сынды аспектіге де назар аударған жөн. Бұл тұста, азаматтардың қылмыстық сот төрелігіне қатысуын азайту туралы айтылып отыр. Қылмыстық атқару мекемесінде болған кезінде, әртүрлі факторлардың әсерінен сотталушының жеке басының күрделі деформациясы орын алатыны жасырын емес.

Себебі, жаза тағайындау құқық қолдану процесінің маңызды және шешуші кезеңі болып табылады және мемлекеттік органға мемлекет атынан шешім қабылдауға үлкен өкілеттіктер берілген, сондай-ақ жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа (қылмыс немесе қылмыстық теріс қылық) және оны жасаған адамға соңғы баға береді. Жаза тағайындау кезіндегі кез-келген заң нормасын бұзу ауыр салдарға әкеліп соғатындығы анық.

Әрине, қылмыстың әлеуметтік қаупі болғандықтан кінәлі тұлға жазалануы тиіс, өйткені ол зиянды. Жазаның қаталдығы жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік

дәрежесіне сәйкес келуі және «қылмыстың ауырлығы және қылмыс пен жазаның арасындағы сәйкестік талаптары жазаны таңдауда шешуші мәнге ие болуы керек. Ол үшін арнайы ережелер әзірленеді. Мұндай ережелер үшін қажетті және табиғи негіз – бұл қылмыстардың тізбесіне сәйкес келетін ойластырылған жазалау шкаласы және әр түрлі жазаның түрлерінің ауырлық дәрежесіне қатысты нақты нұсқаулықтардың болуы» [7].

Судьяларға жаза тағайындау кезінде өте күрделі және жауапты міндеттер қойылады, өйткені «заңды, негізделген, әділ және тәрбиелік мәнге ие тиімді үкім шығару процесі судьялардың терең талдау қызметін қажет етеді. Олар сол адамның әлеуметтік маңызы бар психикалық кемшіліктерінің, тағайындалатын жаза шараларының нақты түзету мүмкіндіктерімен арақатынасын айқындай білу керек» [8].

Басқаша айтқанда, біз әділ жазаны тағайындаудың шарттарының бірі ретінде, сотталушының жеке басына егжей-тегжейлі сараптама жасау туралы айтып отырмыз.

Жазалау, жазаның мәні ретінде Кеңестік Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен одақтас республикалардың 1958 жылғы қылмыстық заңнамасының 20-бабында және одақтас республикалардың қылмыстық кодекстерінің тиісті баптарында айқындалған.

Қылмыстық жазаны қолдану тиімділігінің маңызды шарты, оның мақсаты мен тағайындау шарттарын нақты тұжырымдау болып табылады.

Қылмыстық жаза – бұл мемлекеттің қоғамдық қауіпті әрекетке реакциясы. Қылмыстық-құқықтықғылымиәдебиеттерде қылмыстық жаза түсінігі әртүрлі мағынада қолданылады: қылмыстың заңды салдары ретінде; қылмыстық жауаптылықтың әдісі (нысаны) ретінде; кінәліні оның әрекеті үшін жазалау (жазаның қайтарымы) түріндегі қылмысқа қарсы күрес құралы (құралы) ретінде; мысалы, ауырсыну, айыру, азап шегу, қылмыскерге белгілі бір зиян келтіру және т.б. [9].

Жоғарыда келтірілген жаза мағынасының қай-қайсының болсын мәні, жазаның нақты тұстарын ашатын болғандықтан, қабылдануға құқығы бар. Сонымен бірге, жазаның көрсетілген мағыналары мен қасиеттерінің қатарына қылмыстық жаза, дәлірек айтсақ, жасалған әрекеті үшін кек алу болып табылады [10].

Заң шығарушының бұл көзқарасына түсініктеме бере отырып, В.Д. Филимонов: «Жаңа қылмыстық кодексте қылмысы үшін жазалаудан бас тартудың өзіндік себептері бар. Бұл бас тартудың негізгі себебі: «жазалау» (кара) және «жаза» деген сөздер бір-біріне синонимдер болып келеді. Сондықтан бұл құбылыстың мазмұнын анықтау үшін негізгі жазалау жаза ретінде анықтама болып еш нәрсе бермейді. Жазаны мемлекеттік мәжбүрлеу ретінде анықтау, керісінше, оның аса маңызды мүмкіндіктерін көрсетеді» [11].

Ал, В.К. Дуюнов бұл ережелермен келіспейді және оған негіз жоқ емес, өйткені, заң шығарушымен ұсынылған мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары ретінде жаза анықтамасы нақты емес. Оның пікірінше, мәжбүрлеу сондай-ақ қылмыстық жазаның негізгі емес, қосымша бір белгісі болып келеді. Одан басқа, «жазалау» және «жаза» түсініктері көлемі мен мазмұны жағынан бір-біріне жақын болса да, оларды синонимдер ретінде анықтауға болмайды.

Автордың пікірінше, жазалау, жазаның көрініс табатын нысандарының бірі және сәйкесінше, жасалған іс-әрекет үшін кінәлі адамның жауапкершілігін жүзеге асыру

нысаны ретінде санайды. «Жазалау» – бұл қылмыстық жазаның ішкі мәні, соңғы мақсаты – әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу және жаңа қылмыстардың алдын алу мақсатында қылмыскерге жазалау (кек алу) ықпалының нысаны болу» [12].

Сонымен, кез келген жаза жасалған істің қайтарымы болып келеді, өйткені ол қылмыс жасаған адамның құқықтары мен бостандығының шектеуімен байланысты болады, белгілі моральдық және физикалық азап шегулерді келтіреді (немесе келтіруі мүмкін) және оның белгілі бір пайдасынан айырады. Сондай-ақ жазаның осындай қасиеттеріне көңіл аудару керек, өйткені сотталушыға, негізсіз немесе әділетсіз азап шекпес үшін, сонымен қатар тәртібін, мүмкіндігінше оның өзін өзгертіп түзу жолға түсуі үшін оңтайлы пайдалану үшін ескерілуі керек.

Азап шегулер, қайғырулар, жазалауды қолдану жазаның мақсаты болып табылмайды (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 39-бабы, 2 б.). Одан басқа, айта кететін жайт, жазалау көбінесе белгілі бір адамды мәжбүрлеу, азап шегу мен шектеулерді субъективті қабылдаумен байланысты болатындығы.

Жаза түрін таңдаған кезде қылмыстық жазалаудың ауырлық дәрежесіне, қылмысты жасаушының жеке басын ескере отырып, үкім шығару кезінде де жеңілдетілететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып шығару шарт.

Сот қандай да бір жазаның түрін қолданған кезде оның жүйелігіне сүйенеді және белгілі бір бас бостандығынан айыру және шектеуді анықтап қана қоймай, қылмыстық заңнамаға сәйкес, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру және сотталғанды түзету үшін олардың жеткілікті шектерін анықтайды.

Жаза тағайындау кезінде қылмыстық заң, дәлірек айтқанда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігі баптарының санкциялары жасалынған заңсыз әрекетке (әрекетсіздікке) байланысты жазалауды қажет ететін бас бостандығынан айыру мен шектеулердің мөлшері айқындалатындай етіп құрылымдалғанын ескеру маңызды: жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіп неғұрлым жоғары болса, соған сәйкес жаза да қатал болуы керек. Өз кезегінде тағайындалған жазаның ауырлығы жасалған қылмыстың сипаты мен ауырлығына, кінәлінің жеке басына, дұрыс тағайындалған үкімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 39-бабының 2-бөлімінде бекітілген жаза мақсатын тиімді жүзеге асуына және басқа да міндеттерге байланысты болуы керек.

Дәлірек айтсақ, жаза бұл мәселелерді шеше алады, егер ол ізгілікті, негізделген, заңды және әділетті болса. Сондықтан қылмыстық жазалардың қолданылу тиімділігін анықтау үшін көптеген аспектілерді ескеру қажет. Кез келген жазаның түрі ең алдымен қылмыстық заңнамаға әсерін тигізеді, өйткені сот белгілі бір жаза түрін тағайындаған кезде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлігінің нақты баптарына және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Жалпы бөлігінің ережелеріне сүйенеді.

Айта кететін жайт, қылмыстық құқықтағы жазалар жүйесі қылмыстық заңның принциптеріне негізделе отырып құралған. Осылайша, заңдылық қағидаты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің санкцияларына жазалардың толық тізбесін

енгізуді көздейді. Ізгілендіру қағидаты жазалау жүйесіне физикалық азап шегетін немесе сотталушылардың адамдық абыройын түсіретін жазалардың жекелеген түрлерін енгізуді алып тастауды талап етеді.

Судьялар жаза туралы шешімнің жалпыға бірдей танылған қағидаттарға сәйкестігін тәуелсіз бағалап қана қоймай, сонымен қатар жаза тағайындау кезінде қолданылатын ережелерді осы қағидаттарға сәйкестендіру де қажет. Қылмыстық құқық теориясында мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қолданылатын әлеуметтік нормаларға әрқашан ерекше назар аударылып отырады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға мемлекет қолданатын жазаның рөлін, адам өмірі, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау бойынша басқа да мәжбүрлеу шараларымен қатар бағалау мүмкін емес.

Қылмыстық заңдарда белгіленген жазалардың барлық түрлерінің спектрін таңдау кезінде қылмыскердің жеке басына, қылмысқа немқұрайды қарау жағдайын, жасаған әрекетінің қоғамға қауіптілігін ескеру қажет. Сонымен қатар жазаны ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлардың ескерілуі де жаза тағайындауда едәуір объективті орын алады.

Қылмыстық құқықта жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп, қылмыстық құқық бұзушылықтың және оны жасаған адамның қоғамдық қауіптілігін азайтатын, демек, оның жауаптылық дәрежесін төмендететін, сондай-ақ жазаға әсер ететін, кінәлінің жеке басына және ол жасаған қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты әртүрлі факторлар түсініледі. Осы жағдайлардың болуы, ең алдымен, қылмыстық істі өндіріске алудан бас тарту, сотқа дейінгі іс жүргізуді тоқтату туралы мәселені шешуге әсер ете отырып, қылмыстық жауаптылықты жеңілдете алады.

Бұл қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары, прокурор және сот қылмыстық жаза тағайындау кезінде ғана емес, сондай-ақ адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе босату туралы мәселені шешу кезінде қылмыстық процестің неғұрлым ерте сатыларында да қолданады. Сондықтан қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары көрсетілген мән-жайларға сілтеме жасай отырып, тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық бойынша тергеп-тексеруді тоқтата алады.

Егер қылмыстық іс сотқа жіберілсе, жеңілдететін мән-жайларды есепке алу сотқа құқық береді: а) баламалы санкция кезінде жазаның неғұрлым қатаң түрін белгілеу; б) қылмыстық құқық бұзушылық сараланған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бабының санкциясымен белгіленген ең төменгі деңгейге тең немесе оған жақын мөлшердегі жазаны айқындау; в) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 55-бабына сәйкес сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза қолдану; г) қылмыстық жауаптылықтан босатудың бір түрін, шартты түрде соттауды, жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдану.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 53-бабының 1-бөлігінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар тізімі берілген. Бұл заңмен белгіленген жеңілдететін мән-жайлардың тізбесі түпкілікті емес. Ал, сот заңда көрсетілген жеңілдететін мән-жайларды ескермеуіне, назарға алмауына жол берілмейді.

Шетелдік заңнаманы қорыту, ішкі заңнама үшін дәстүрлі болып табылмайтын жағдайларды ескеруге мүмкіндік береді. Мысалы, Қытай Халық Республикасының Қылмыстық кодексі кінәні және жауаптылықты жеңілдеті отырып: бас бостандығынан айыру орындарында немесе одан тыс жерлерде дайындалып жатқан, тексеру кезінде расталатын ауыр қылмыс туралы хабарлама беру; инновациялар немесе техникалық жақсартулар ойлап табу; қарапайым өмірде немесе жұмыста жанқиярлықтың көрінісін; табиғи апаттардан немесе жазатайым оқиғалардан кейінгі батырлықтың көрінісін жатқызады. Данияның Қылмыстық кодексінің 84-бабы жеңілдететін мән-жайлар ретінде: егер құқық бұзушы ескертетін не тыйым салатын белгілі бір әрекетті құқықтық ережелерді дұрыс немесе қате талқылаудың әсерінен әрекет еткен жағдайларды бекітеді.

Жауаптылық пен жазаны ауырлататын жағдайлар қатарында қылмыстың қоғамға қауіптілігін және оны жасаған адамның жауаптылық дәрежесін арттыратын, сонымен қатар жазаға әсер ететін, кінәлінің жеке басы және жасаған қылмысымен байланысты әр түрлі мән-жайларды түсіну қабылданған.

Бұл институттың белгілері болып:

1. Сот алдындағы қылмыстық істе орын алатын нақты жағдайлар.
2. Олардың жеке маңызы бар, яғни оларды тек мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы таңдалған және тікелей қатысты адамға ғана қолдануға болады.

3. Бұл жағдайлар жазасы үшін сотталушының қылмыс құрамы белгілерінің қатарында болмауы керек.

4. Олар жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің жоғары дәрежесін сипаттайды, яғни әдеттегі жағдайда қылмыстың бұл түрінің қоғамдық қауіптілік дәрежесі төмен деңгейге ие және тек қауіпті жағдайлар болған кезде іс-әрекетке жоғары қауіптілік сипатын береді.

5. Бұл мән-жайлар тек қоғамға қауіптіліктің сандық көрсеткішін – оның дәрежесін арттыруы мүмкін, өйткені сапалық көрсеткіш – қоғамға қауіптіліктің сипаты – тек қылмыс құрамының белгілерімен анықталады.

6. Заң шығарушымен белгіленген жазаны ауырлататын мән-жайлардың тізбесі толық болып табылады және кеңінен талқылауға жатпайды.

7. Бұл мән-жайлар сотқа қылмыскерге қарсы мемлекеттік сот ісін жүргізу шарасын таңдаған кезде «орташа өлшенген жазадан» бастап қылмыстың арнайы бөлігінің нормасының санкциясымен анықталған ең жоғары шекараларға дейін жазатағайындауға мүмкіндік береді.

8. Жаза тағайындау кезінде қылмыс құрамының саралау белгісі мен ауырлататын мән-жайларды екі рет есепке алу мүмкіндігі (яғни, егер ауырлататын жағдай Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінде көзделсе).

Жаза тағайындауға ықпал ететін мән-жайлардың келтірілген толық емес тізімі, оларды қолдану, соттардың ескеруі және анықтаушы критерийлер ретінде пайдалану механизмін ашып көрсетпейді.

Қылмыстың және сотталушының жеке басының қоғамдық қауіптілігі – біріншіден, заң шығарушы мен соттың қылмыстық – жазаланушы құқыққа қарсы әрекетке және оны жасаған субъектіге қарым-қатынасын сипаттайтын бағалаушылық категория. Ол

екі көрсеткіш – сипаттама мен және дәрежемен айшықталады, олардың әрқайсысы қылмыс пен сотталушыны әр тұрғыдан бағалайды. Сипаттама әрекет пен жеке адамның өзіндік ерекшеліктерінің мазмұнын сапалық анықтаушы, ал дәреже – сандық анықтаушы болып табылады. Қылмысты сипаттайтын бір мән-жайды әр тұрғыдан, түрлі көзқараспен қарастыруы мүмкін. Мәселен, бұрын сотты болған адамның қылмыс жасауының қылмыстың қайталануына, ықпал етудің бұрын қолданылған шараларының тиімсіздігіне және қылмыстардың көптігі ретіндегі оның барынша маңызды дәрежесіне байланысты қоғамдық қауіптілігі өте жоғары болып келеді. Аса қатігездік қылмыс құрамын дәрежелестіретін белгі және жауаптылықты ауырлататын мән-жай да болып табылады.

Екіншіден, қоғамдық қауіптілік – салыстырмалы категория. Ол түрлі қылмыстарды салыстыру үшін қолданылады. Сотталушының жеке басы туралы да осыны айтуға болады.

Қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесі қылмыстық іс бойынша маңызы бар барлық мән-жайлардың жиынтығы бойынша анықталады және өзара байланыста, кешенді түрде бағалануы тиіс. Олар айрықша маңызға ие және сот оларды: қылмыстарды дәрежелестіретін кезінде; қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату туралы мәселені шешкен кезде; жаза тағайындау кезінде; жазаны орындауға байланысты мәселелерді шешкен кезде ескереді.

Үшіншіден, жаза тағайындауға назар аударамыз. Бұл сатыда қылмыстық іс-әрекеттің және сотталушының жеке басының қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесі: жаза тәсілі туралы мәселені шешуге; жазаның нақты түрін және шарасын белгілеуге; жазаны орындау тәртібін белгілеуге ықпал етеді.

Көріп отырғанымыздай, бұл құқықтық категорияның маңызы өте зор. Қылмыстың және сотталушының жеке басының қоғамдық қауіптілігін анықтау барысында қандай факторлар міндетті түрде ескеріледі деген сұрақ туады. Әлде, бұл жерде оларды екі рет есептеу жүзеге асырылмай ма деген күмәнді сұрақ бар?

Шындығында, үкім шығару кезіндегі соттың ойын оқу өте қиын, тіпті мүмкін емес. Оның үстіне, тәжірибе көрсеткендей көп жағдайларда соттар істің және жеке адамның барлық ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсетуге және жазуға, оларды терең талдауға жеткілікті дәрежеде көңіл бөле бермейтіні де кездеседі. Әдетте үкімде қажетті мән-жайларды жай ғана тізіп өтумен шектеледі, олардың маңызына, дәрежесіне және соңғы түйінге ықпалына құқықтық баға берілмейді. Біздің ойымызша, қоғамдық қауіптілік сипатына және дәрежесіне ықпал ететін факторларды есепке алу қылмыстарды дәрежелестіретін сатысында оларды зерттеуден басталуы қажет. Бұл ретте оларды маңыздылығына қарай үш түрлі топқа бөліп қарастыру керек:

- қылмыс құрамының міндетті дәрежелестіретін белгілерін құрайтын мән-жайлар;
- қылмысты дәрежелестіретін кезінде ескерілмеген, құрамның факультативтік белгілерін құрайтын мән-жайлар;
- сотталушының жеке басының өзіндік ерекшеліктерін қосымша сипаттайтын мән-жайлар.

Белгілердің бірінші тобы оларды жасалған әрекетті дәрежелестіретін және Қылмыстық кодексте көзделген қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер жүйесінде қылмыстың жасалу орнын анықтаған кезде ескергеннен кейін жаза тағайындау кезінде қолданылуға тиіс емес.

Екінші және үшінші топтар, заңдағы тиісті қылмыстық-құқықтық санкция шеңберінде қылмыстық жауаптылық шектерін белгілеген қылмыстың ауырлығының ескерілген категориясы үдесінен шыға отырып, сотталушыны қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату мүмкіндігі туралы мәселені шешкен кезде қолданылады. Мәселе оң шешілген жағдайда бұл мән-жайлар жаза тағайындау қажеттігін айқындаушы рөлін атқарады. Бұл ретте аралық сипаттағы түпкілікті емес шешім қабылданатын болғандықтан, аталған топтар нақты жаза белгілеу кезінде ескерілуі мүмкін. Жаза тәсілі туралы мәселені шешкен кезде де осыған ұқсас жағдай орын алады. Ақыр соңында, барлық аталған факторлар, жиынтық құрай отырып, қылмыстық жазаның түрі және шарасы туралы ортақ шешімге алып келеді.

Жаза тағайындауға ықпал ететін факторларды есепке алу проблемасын бұлайша қарастыру, оларды тізіп шығуға қарағанда барынша жүйелі және жан-жақты көрініс береді.

Жазаларды сiңiру кезiнде оның базалық түрiн белгiлеу үшiн немесе қосу кезiнде жауаптылықты күшейту үшiн қылмыстың қайталануын, соған сәйкес сотталушының қайталап қылмыс жасауын сипаттайтын мән-жайлар, басқаша айтқанда, жиынтық факторлары ескерiледi. Соңғысының жиынтық құрайтын жекелеген қылмыстарға, әдетте, қатысы болмайды. Мәселен, екі қылмыс та жалпыға қауіпті тәсілдермен жасалынған делік. Бұл мән-жәй жеке жазаларды таңдау кезінде ескерілген. Жиынтық жазаны тағайындау кезінде қауіптілігі бірдей тәсілдер емес, іс-әрекеттің көптігіне байланысты, сотталушы тарапынан әрекеттің көптігіне байланысты, зорлық пен зомбылықтың күшеюі, оның қатыгездігі және басқа адамдардың тағдырына деген байланысты қауіптіліктің арта түсуінің геометриялық өсімі жауаптылықты күшейту рөлін атқарады.

Бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін жиынтық жаза тағайындау кезінде қылмыстық жауаптылықты және жазаны ауырлататын мән-жайларды ескеру туралы мәселе де назар аудартады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 54-бабында берілген тізімдерінің барлығы дерлік осы жағдайда қолдануға жатпайды, өйткені олар өзіндік ерекшеліктері бойынша дербес және жиынтыққа енетін нақтылы қылмыстарға бекітілген. Жиынтық жаза жекелеген дербес әрекетке тағайындалмайды, ол тек тағайындалып үлгерген жазаны бірлесіп орындау тәсілін белгілейді. Барлық басқа да мән-жайлар, атап айтқанда, жиынтық факторлары Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 54-бабында келтірілген тізімнің тұйықталған сипатына орай ауырлататын мән-жайлар бола алмайды. Демек, олар тек не жеңілдететін, не аралық немесе салыстырмалы факторлар ғана болып қалады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 54-бабының 1-бөлігінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар тізбектелген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 53-бабындағы тізбеге қарағанда, аталған тізбе түпкілікті болып табылады (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 54-бабының 3-бөлігі). Бұл дегеніміз, сот жаза тағайындау барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 54-бабының 1-бөлігінде көрсетілмеген мән-жайларды ауырлататын мән-жайлар деп тани алмайды. Бұл Қазақстанның қылмыстық заңнамасы гуманизмінің тағы бір дәлелі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 54-бабының бірінші бөлігінде көзделген жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлардың кез келгенін (12-бөлігінде көрсетілгенді қоспағанда) сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу кезінде және сот жаза тағайындау кезінде ескеруге тиіс, яғни олар ескерілмеуге, жоғарыда аталған органдар мен соттың назарынан тыс қалмауға тиіс. Мұндай қорытынды Қылмыстық кодекстің 54-бабының 12-бөлігіндегі мынадай мазмұндағы ескертпеге қатысты туындайды: «Сот қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай бұл мән-жайды ауырлататын мән-жай деп танымауға құқылы».

Өкінішке орай, іс жүзінде сот шешімдерінде сотталушылардың іс бойынша жағымсыз мінездемелердің болуы немесе басқа да негізгі себептер бойынша қылмыс жасау және басқа да жағдайларда ауырлататын мән-жайлар ретінде сілтемелер бар. Бұндай мән-жайлар ауырлататын мән-жайлар тізбесіне енгізілмегендіктен, оларды есепке алу барысында сот, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 54-бабы 3-бөлігіне қайшы келетін жаза тағайындаған болса, оны заңсыз деп тану қажет.

Алдыңғы жағдайдағыдай, егер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 54-бабы 1-бөлігінде көрсетілген мән-жай Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігі бабының белгісі ретінде көзделген болса, оған сәйкес кінәлінің іс-әрекеті сараланған болса, ол жаза тағайындау кезінде ауырлататын мән-жай ретінде қайта ескерілмейді (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 54-бабының 2-бөлігі). Мысалы, адам, аса қатыгездікпен адам өлтіргені үшін сотталды (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 99-бабы 2-бөлімінің 5-тармағы). Жазаны тағайындау кезінде сот Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 54-бабы 1-бөлігінің 9-тармағын ауырлататын мән-жай ретінде есепке ала алмайды, өйткені аса қатыгездік Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 99-бабының 2-бөлігінің дәрежелік ерекшеліктерінің бірі болып табылады және бұл факт осы қылмыстық заңның санкциясында ескерілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 53-бабы 3-бөлігіне сәйкес қылмыстың белгісі ретінде Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің нормаларында көзделген жеңілдететін мән-жайлар ретінде назарға алуға тыйым салынады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 102-бабы бойынша адамға жаза тағайындау кезінде (қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру) сот Қылмыстық кодекстің 53-бабы 1-бөлігінің 9-тармағына жеңілдететін мән-жай ретінде сілтеме жасай алмайды, өйткені қажетті қорғану шегінен шығу Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 102-бабында көзделген қылмыс құрамының қажетті белгісі болып табылады. Осы белгіні ескере отырып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 102-бабының санкциясы салыстырмалы түрде жеңіл жазаны қарастырады. Сондықтан жаза тағайындау кезінде бұл жағдайды қайта тіркеуге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 53-бабын сот-тергеу тәжірибесінде қолданғанда бұл мән-жайлардың барлығының жиынтығын немесе олардың кем дегенде біреуін пайдалану қажет пе деген заңды сұрақ туындайды. Адамның қылмыстық іс-әрекетінде жеңілдететін және ауырлататын жағдайлардың бір

мезетте болуы мүмкін. Сот барлық мән-жайларды барынша толық ескеруге тиіс, бұл жазаның нақты түрі мен мөлшерін таңдау үшін негіз болып табылады. Бұл жиынтықта кейбір жағдайлар бір-бірін күшейтеді.

Егер қылмыстық іс сотқа жіберілсе, ауырлататын мән-жайларды есепке алу жазаның неғұрлым қатаң түрін тағайындауға немесе қылмыстық құқық бұзушылық сараланған Қылмыстық кодексте көрсетілген баптың санкциясымен белгіленген ең төменгі мөлшерге тең немесе оған жақын мөлшерде жазаны айқындауға тыйым салуға әкеп соғады.

Егер жауаптылықты ауырлататын болса, қылмыстардың жиынтығы бойынша жазаны күшейту үшін оларды қалайша пайдалануға болады? Мұның мәнісі, жауаптылықты күшейту ауырлатушы мән-жайларды қарастыру есебінен емес, тағайындалып үлгерген жазаларды есепке алудың жиынтық сипатына байланысты жүзеге асырылады. Толық қосу жеңілдетуші мән-жайлар жоқ және екі қылмыс та бірдей дәрежеде әлеуметтік қауіпті болып табылатын жағдайларда қолданылады. Ішінара қосу кезінде ең жоғары шекті және ең төменгі шекті мөлшерлер арасындағы айырмашылық жиынтық құрайтын қылмыстардың қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесінің салыстырмалы ара-қатынасына байланысты болып келеді. Бұл ретте, әрине, басқа мән-жайлардың да ықпалын мүлде жоққа шығаруға болмайды. Бұл жағдайда басқа мән-жайлар түзеп отырушы функциясын атқарады.

Жеке адамның жасаған іс-әрекеті қылмыс деп табылып, оны заң алдында жауапқа тарту үшін, ең алдымен сол іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік сипаты болуы қажет.

Жазаны, жауаптылықты жеңілдететін, ауырлататын мән-жайлардың болуы, ең алдымен, қылмыстық істі өндіріске алудан бас тарту туралы, басталған істің сотқа дейінгі іс жүргізуді тоқтату туралы шешімге кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан да бұл мән-жайлар қылмыстық жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар деп аталады. Бұдан келіп шығатыны, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары, прокурор және сот қылмыстық жаза тағайындау кезінде ғана емес, сондай-ақ адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе босату туралы мәселені шешу кезінде қылмыстық процестің неғұрлым ерте сатыларында да қолданады. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары көрсетілген мән-жайларға сілтеме жасай отырып, көбінесе тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтата алмайды.

Нәтижелер

Сотпен тағайындалатын жаза, әділ болу үшін Қылмыстық кодексте көрсетілген міндеттерді шешуге және мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететіндігі ескеріле отырып, жаза тағайындау барысында заң талаптарының бұлжымастығы орын алу қажет.

1. Жаза тағайындау үшін ең алғаш, істің мән-жайы және жеке бастың бірегейлігін бағалау керек. Мұнда, сот жаза тағайындағанда сотталушының жеке басына, істің нақты мән-жайына, санатына назар аударады, яғни жаза мақсатына жету үшін жеткілікті

болатын жағдайларды анықтайды. Осылайша жазаны дараландырудың шешуші критеріі – кінәлінің жеке басы болып табылады. Сот нақты жаза шарасын таңдау кезінде кінәлінің жеке басы туралы деректерді ескеруге міндетті.

Бұндай деректер қатарына:

– жеке тұлға бойынша соттың кінәліні сипаттайтын сол кезде қолында бар (қылмыс жасаған адамның отбасылық және мүліктік жағдайы, оның денсаулығының жай-күйі, тұрмыстағы мінез-құлқы, оның асырауында кәмелетке толмаған балаларының, өзге де еңбекке жарамсыз адамдардың (жұбайының, ата-анасының, басқа да жақын туыстарының) болуы туралы деректер кіреді;

– кінәлінің жеке басын сипаттайтын (әлеуметтік-демографиялық белгілері, қылмыстық-құқықтық, әлеуметтік-психологиялық, физикалық белгілері кінәлінің өмірдің әртүрлі салаларында әлеуметтік көрінісі және т. б.) қылмыс жасағанға дейін және одан кейін кінәлінің әлеуметтік маңызды мінез-құлқы: еңбек пен оқуға деген көзқарас, оның өмір салты, Отанға сіңірген еңбегі, отбасындағы мінез-құлық, өмір, қоғамдық орындар, заңға мойынсұнушылық және оны жағымды да, жағымсыз да сипаттайтын басқа белгілер ескеріледі;

– қылмыстық құқық гуманизмі қағидатына байланысты жазаны тағайындау кезінде жеке тұлға туралы физикалық деректер де ескеріледі, олар: денсаулық жағдайының нашарлауы, мүгедектік, жүктілік, отбасылық жағдайы, асырауындағы адамдардың болуы және т.б. әрине, кінәлінің жеке басы туралы бұл мәліметтер жазаны жеңілдету мақсатында ғана ескерілуі мүмкін.

2. Қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін бағалау. Бұл Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясы шегінде жүзеге асырыла отырып, сотты қылмысты дұрыс саралауға міндеттейді және кінәлі жауап беруі тиіс норманы айқындайды. Қылмыстың қоғамға қауіптілігінің сипаты қылмыстық заңмен анықталады және сот белгілеген қылмыс құрамының белгілеріне, яғни сотталушының іс-әрекетінің саралануына байланысты.

3. Жазаны тағайындау барысында Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген санкцияны белгілегенде, жазаны тағайындаумен байланысты Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлігінің нормалары міндетті ескеріледі. Мұндай ескерулер соттың кінәліні қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіздің бар жоғын анықтауы керек дегенді білдіреді, яғни оның әрекеттерінде қылмыс құрамы бар ма, дәл қайсысы, өйткені тек қылмыс үшін жаза тағайындалуы мүмкін.

4. Сот үшін жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды қолдану маңызды болып қала береді. Себебі, «жаза тағайындау кезінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің тізбесіне енгізілген қандай да да бір мән-жайларды ескермеуге құқылы ма?» десек, онда қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі барлық мән-жайларға қатысты тізбені шектеп белгілеген. Әрине бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі тізбелеріне енгізілген барлық мән-жайлар жаза тағайындау кезінде ескерілуге тиіс, бірақ заңнамаға енгізілмеген жеңілдететін жағдайлардың да бар екендігін есепке алсақ, атап айтқанда мүгедектігі бар, зейнет жасы және т.б. сотпен жеңілдететін мән-жайлар қатарына жатады.

Қорытынды

1. Мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі конституциялық жауапкершілігіне байланысты жазаны қолдану қажеттігі сақталып отыр. Демек, жаза тағайындау ережелерін реттеу әділдік талабы сақталатындай және жаза жазалау үшін қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін қажетті мөлшерде ғана қолданылатындай болуы керек.

Құқық нормаларын қолдану тәжірибесін жеңілдету үшін жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар ұғымын нақтылап алу өте маңызды. Осы мақсатта авторлармен келесідей анықтама келтіріледі: «Жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп, қылмыстық құқық бұзушылықтың және оны жасаған адамның қоғамға қауіптілігін азайтатын, демек, оның жауаптылық дәрежесін төмендете отырып, жазаға әсер ететін, кінәлінің жеке басына және ол жасаған қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты әртүрлі факторларды айтамыз».

2. Ізгілік қағидатын, шетел тәжірибесін негізге ала отырып, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлардың қатарына мүгедектігі бар адам, зейнеткерлік жасқа толған зейнеткерлерді қосу қажет деп есептейміз. Қылмыстық сот тәжірибесі көрсеткендей мүгедектігі бар адамдар мен зейнеткерлердің денсаулық жағдайын ескеретін болсақ, оларға аса ауыр қылмыстар бойынша тағайындалған жазаны өтеу мүмкіндіктері қиындатылады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 53-бабының қатарын «мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлік жасқа келуін» жеңілдететін мән-жайлармен кеңейту ұсынылады.

Авторлардың қосқан үлесі

Рүстемова Г.Р. – аңдатпа, түйін сөздер, зерттеудің әдістері мен материалдарын жүйелеуге бағыт-бағдар берді.

Османова Г.Ж. – жұмыстың түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу үшін, тәжірибелік материалдарды зерделеді, жинақтап мәтін жазды.

Бижанова А.Р. – тақырыптың өзектілігін арттыруға ұсыныстар келтіру, отандық және шетелдік заңнамаларды салыстырды.

Әдебиеттер тізімі

1. Сведения о лицах, содержащихся в местах лишения свободы. Қолжетімділік тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ps/documents/details/687724?lang=ru> (өтініш берген күні 14.07.2024)

2. Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года: Указ Президента РК от 15 октября 2021 года №674. Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (өтініш берген күні: 11.10.2023)

3. Акимжанов Т.К. Поиск новых путей противодействия преступности – важное условие построения правового государства //Обеспечение национальной безопасности-приоритетное

направление уголовно-правовой, криминологической и уголовно-исполнительной политики: материалы XI Российского Конгресса уголовного права, посв. памяти д-ра юрид. наук, проф. В.С. Комиссарова. 31 мая-1 июня 2018 г. – М.: Юрлитинформ, 2018. – С.294-295.

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ (05.11.2022 № 157-VII берілген өзгерістер мен толықтырулармен). - Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K140000226> (өтініш берген күні: 25.09.2023)

5. Беккариа Ч. О преступлениях и наказаниях. - М.: «Стелс», 1995.- 304с.

6. Аккулев А.Ш. Критический анализ целей уголовного наказания. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.zakon.kz/analytics/4556105-kriticheskijj-analiz-celejj-ugolovnogo.html/> (өтініш берген күні: 11.10.2023)

7. Кристи Н. Пределы наказания. – М.: «Прогресс», 1985.- 176 с.

8. Антонян Ю.М., Еникеев М.И., Эминов В.Е. Психология преступления и наказания. – М.: «Пенатес - Пенаты», 2000.- 454 с.

9. Ной И.С. Вопросы теории наказания в советском уголовном праве. – Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 1962. - 156 с.

10. Стручков Н.А. Курс исправительно-трудового права. Проблемы Общей части. – М.: Юрид. лит., 1984.- 240 с.

11. Филимонов В.Д. Новое уголовное право России. Общая часть. – М.: Изд-во БЕК, 1996. - 695 с.

12. Дюпов В.К. Наказание в уголовном праве России - принуждение или кара? // Государство и право. - 1997. - №11.-С. 61-68.

Г.Р. Рустемова¹, Г.Ж. Османова¹, А.Р. Бижанова¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(E-mail: 1g.rustemova@mail.ru, 1gulaina.78@mail.ru, 1Aike_74@mail.ru)

Назначение наказания в рамках уголовного законодательства

Аннотация: Вопрос наказания, его назначения очень актуален как в стране, так и в других государствах. Здесь речь идет о социальных последствиях, которые могут быть достигнуты в уголовном праве при назначении и применении наказания к лицам, признанным виновными в совершении уголовного правонарушения.

В последние годы уголовная политика Казахстана уделяет больше внимания борьбе с тяжкими и особо тяжкими преступлениями, облегчая уголовную ответственность за менее тяжкие и преступления средней тяжести. То есть в первом случае рассматриваются различные основания применения наказания за преступления, не связанные с изоляцией от общества, а во втором-возможность надлежащего воздействия на осужденных наказаний в виде лишения свободы.

Как уже отмечалось, в статье авторы оценивают, как часто в уголовных санкциях рассматриваются виды наказаний, исходя из общих оснований назначения наказания виновному лицу для достижения цели наказания. Вместе с тем актуальность данного вопроса

свидетельствует о наличии трудностей при назначении наказания с учетом отягчающих и смягчающих обстоятельств в соответствии с уголовным законодательством. В статье авторы дают рекомендации по смягчающим наказанию обстоятельствам.

Цель исследовательской работы – выявление противоречий, возникающих в правоприменительной практике при назначении наказания.

В работе использованы формально-логические, исторические и сравнительные методы.

Ключевые слова: наказание, назначение наказания, общие начала назначения наказания, лишение свободы, обстоятельства, смягчающие уголовную ответственность и наказание, обстоятельства, отягчающие уголовную ответственность и наказание.

G. Rustamova¹, G. Osmanova¹, A. Bizhanova¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University

(E-mail: 1g.rustemova@mail.ru, 1gulaina.78@mail.ru, 1Aike_74@mail.ru)

The imposition of punishment within the framework of criminal law

Abstract: The issue of punishment and its appointment is very relevant both in the country and in other states. Here we are talking about the social consequences that can be achieved in criminal law when imposing and applying punishment to persons found guilty of committing a criminal offense.

In recent years, Kazakhstan's criminal policy has been paying more attention to combating serious and especially serious crimes, facilitating criminal liability for less serious and moderate crimes. That is, in the first case, various grounds for the application of punishment for crimes not related to isolation from society are considered, and in the second - the possibility of appropriate impact on convicts of punishments in the form of imprisonment.

As already noted, in the article, the authors assess how often types of punishments are considered in criminal sanctions, based on the general grounds for imposing punishment on the guilty person in order to achieve the purpose of punishment. At the same time, the relevance of this issue indicates that there are difficulties in imposing punishment, taking into account aggravating and mitigating circumstances in accordance with criminal law. In the article, the authors provide recommendations on mitigating circumstances.

The purpose of the research work is to identify contradictions that arise in law enforcement practice when imposing punishment.

The paper uses formal logical, historical and comparative methods.

Keywords: punishment, sentencing, general principles of sentencing, circumstances mitigating criminal liability and punishment, circumstances aggravating criminal liability and punishment.

References

1. Svedeniya o lichah, soderzhashchihsya v mestah lisheniya svobody. Rezhim dostupa <https://www.gov.kz/memleket/entities/ps/documents/details/687724?lang=ru> (өтиніш берген күні: 14.07.2024)

2. Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года: Указ Президента РК от 15 октября 2021 года №674 [Concept of legal policy of the Republic of Kazakhstan until 2030, dated

October 15, 2021 No. 674]. adilet.zan.kz/rus A source Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> [in Russian]. (өтиніш берген кыни: 11.10.2023)

3. Akimzhanov T.K. (2018). Poisk novykh putej protivodejstviya prestupnosti – vazhnoe uslovie postroeniya pravovogo gosudarstva. Obespechenie nacional'noj bezopasnosti-prioritetnoe napravlenie ugolovno-pravovoj, kriminologicheskij i ugolovno-ispolnitel'noj politiki: materialy XI Rossijskogo Kongressa ugolovnogo prava, posv. pamyati d-ra yurid. nauk, prof. V.S. Komissarova [The search for new ways to counter crime is an important condition for building a rule of law state //Ensuring national security is a priority area of criminal law, criminology and penal enforcement policy: materials of the XI Russian Congress of Criminal Law, dedicated to the memory of Doctor of Law, Professor V.S. Komissarov]. - XI Russian Congress of Criminal Law, posv. in memory of Dr. Yurid. of Sciences, prof. V.S. Komissarova. (294-295). -M.: Yurlitinform [in Russian].

4. Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksi Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi 2014 jylǵy 3 şildedegı №226-V QRZ (05.11.2022 № 157-VII berilgen özgerister men tolyqtyrularmen) [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan Code of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014 No. 226-V SAM]. adilet.zan.kz. Retrieved from // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> [in Kazakh].(өтиніш берген кыни: 25.09.2023)

5. Bekkaria CH. (1995). O prestupleniyah i nakazaniyah [About crimes and punishments]. - M.: «Stels», 304 [in Russian].

6. Akkulev A.SH. Kriticheskij analiz celej ugolovnogo nakazaniya [Critical analysis of the goals of criminal punishment]// www.zakon.kz. Retrieved from //<http://www.zakon.kz/analytics/4556105-kriticheskijj-analiz-celej-j-ugolovnogo.html> [in Russian]. (өтиніш берген кыни: 11.10.2023)

7. Kristi N. (1985). Predely nakazaniya [Limits of punishment]. - M.: «Progress», 176 [in Russian].

8. Antonyan YU.M., Enikeev M.I., Eminov V.E. (2000). Psihologiya prestupleniya i nakazaniya [Psychology of crime and punishment]. - M.: «Penates - Penaty», 454 [in Russian].

9. Noj I.S. (1962). Voprosy teorii nakazaniya v sovetskom ugolovnom prave [Questions of the theory of punishment in Soviet criminal law]. - Saratov: Izd-vo Sarat. un-ta, 156 [in Russian].

10. Struchkov N.A. (1984). Kurs ispravitel'no-trudovogo prava. Problemy Obshchej chasti [The course of correctional labor law. Problems of the General part]. - M.: YUrid. lit., 240 [in Russian].

11. Filimonov V.D.(1996). Novoe ugolovnoe pravo Rossii. Obshchaya chast'. [The new criminal law of Russia. The general part]. -M.: Izd-vo BEK, 695 [in Russian].

12. Duyupov V.K. (1997). Nakazanie v ugolovnom prave Rossii - prinuzhdenie ili kara? [Punishment in the criminal law of Russia - coercion or punishment?] - Gosudarstvo i pravo, 11, 61-68 [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Рустемова Г.Р. – заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ИМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы, Өтепов көшесі, 29, 050060, Алматы, Қазақстан

Османова Г.Ж. – хат-хабар авторы, философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Тарих және құқық факультеті, құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., Жамбыл көшесі, 25, 50010, Алматы, Қазақстан

Бижанова А.Р. – заң ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, тарих және құқық факультеті, құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Жамбыл көшесі, 25, 50010, Алматы, Қазақстан

Рустемова Г.Р. – доктор юридических наук, профессор, Алматинская академия МВД РК им. М.Есбулатова, ул. Утепова, 29, 050060, Алматы, Казахстан

Османова Г.Ж. – автор для корреспонденции, доктор философии (PhD), и.о. ассоциированного профессора кафедры «Юриспруденция» факультета Истории и права Казахского национального педагогического университета имени Абая, ул. Жамбыла, 25, 050010, Алматы, Казахстан

Бижанова А.Р. – доктор юридических наук, ассоциированный профессор кафедры «Юриспруденция» факультета Истории и права Казахского национального педагогического университета имени Абая, улица Жамбыла, 25, 050010, Алматы, Казахстан

Rusetemova G. – doctor of law, professor, Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs named after M. Esbulatov, Utepova str., 29, 50010, Almaty, Kazakhstan

Osmanova G. – corresponding autor, PhD, associate Professor of the Department of «Jurisprudence» of the Faculty of history and law of the Abay Kazakh National Pedagogical University, Zhambyl str., 25, 050010, Almaty, Kazakhstan

Bizhanova A. – doctor of law, associate Professor of the Department of «Jurisprudence» of the Faculty of history and law of the Abay Kazakh National Pedagogical University, Zhambyl str., 25, 050010, Almaty, Kazakhstan



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).